

Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі
«Төре балабақшасы» ЖШС

"Келісіді"

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
методтік кеңес меңгерушісі
С. Барикова
2021ж
бұйрығы



2021-2022 о.ж. арналған
«Бала тілін дамыту»
БАҒДАРЛАМАСЫ

Әзірлеушінің аты-жөні:
тәрбиешісі

Сапарова Айсауле Абылхайыровна

Дөң ауылы 2021жыл

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

1.Тақырыбы: «Күз» (өлең)

Мақсаты: күз туралы білімдерін тиянақтау. Адамдар еңбегіне құрмет сезімін тәрбиелеу. *Ырыс, құт-береке, молшылық* сөздерінің мағынасын түсіндіру, сөздік қорын молайту. Байланыстырып сөйлеу тілін, көркемдік талғамын, қимыл-қозғалысын дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: күз мезгілінің суреттері, хрестоматия, себет.

Сөздік жұмыс: күз, ырыс, құт-береке, молшылық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі Балалар шеңбер бойына тұрып, педагогпен бірге

Ж.Қалжанованың

«Күз келгенде» әнін орындайды.

Күзкелгенде

Күз келіпті, көңілсіз

Десек те, десек те,

Күздің берер жемісі

Есепте, есепте.

Қайырмасы:

Түрлі түсті бояуын

Жер бетіне кестелеп.

Күз келгенде, егінші

Егін жинар дестелеп.

Күз келіпті, көңілсіз

Десек те, десек те,

Бау-бақшаның пісері

Есепте, есепте.

Қайырмасы.

Күз келіпті, көңілсіз

Десек те, десек те,

Мақта теру маусымы

Есепте, есепте.

Музыка

жетекшісімен бірге орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

Жұмбақ жасыру:

Ұзын мұртты сарылар,

Қойынында наны бар.

Қызыл, сары немелер

Су бетінде қалқиды.

Соқса егер салқын жел

Ырғалады, толқиды.

Жиын-терін болатын,
Қамбаға астық толатын.
«Қызыл қырман» ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың?

Аспай піскен,
Қайнамай түскен.

Бақшада өседі,
Көп өнімін береді.

Сурет бойынша әңгімелеу: «Күз мезгілі»

- Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген?
- Күз туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер?

«Күз» өлеңін оқып беру.

Бидай

Жапырақ

Күз

Жеміс

Көкөніс

Күз

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

«Жеміс жинау» ойыны.

«Күз - жомарт» әні орындалады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жыл мезгілдерін.

Игереді: жаңа сөздерді.

Меңгереді: өлең арқылы күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

2.Тақырыбы: «Жұмыстың бәрі жақсы» (өлең)

Мақсаты: қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар, мамандық арқылы кеңейту.

Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, өз ойлары мен алған әсерлерін айта білу білігін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: қалаң, сарай, кен, шахтер, ғарыш.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

-Балалар, бөріміз ортаға шығып,

«Шаттық, шеңберін» құрайың.

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келген қуаныш нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын келген жан мына бізден.

- Ал енді мен сендерді ыңғайланып отыруға шаңырамын.

- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Жұмыстың бәрі жақсы» өлеңімен танысамыз.

Өлең

жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

Жайғасып отырады.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

Құрылысшы:

Қолда темір қалағым,

Содан сарай қаладым.

Алматыдан аумайтын

Әсем ңала саламын.

Шахтер:

Орны бөлек елдегі,

Шахтердің көп еңбегі.

Тау-тау болып үйілген,

Оның қазған кендері.

Ұстаз:

Оқу-білім ордасы,

Ұстаз оның арнасы.

Ұстаздың деген ұлы іс,

Адамдардың айнасы.

Ғарышкер:

Тұңғышты - ғарышты,

Тұнып тұрған алысты,
Орындалып арманы
Ғарышкерлер шарлады.

Сұрақ-жауап.

- Өлең шумағында не жайлы айтылған?
- Кім білім береді?
- Автобусты кім айдайды?
- Тұрғын үйлерді кім салады?
- Балаларды кім емдейді?

Дидактикалық ойын: «Кім болам?»

Мақсаты: мамандық туралы білімдерін бекіту.

Шарты: бала өзі қалаған мамандығын (сурет) алады да, сол мамандың туралы әңгімелейді.

Мүқият тыңдайды.

Ұстаз

Жүргізуші

Құрылысшы

Дәрігер

Ойын ойнайды

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау (сурет арқылы):

- Балалар, мына суреттерге назар аударыңдар. Кімдерді көріп тұрсыңдар?
- Суретте қандай мамандың иелері бейнеленген?
- Тағы қандай мамандың түрлерін білесіңдер?
- Сендер өскенде кім болғыларың келеді?

Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: мамандық туралы білімдерін кеңейту.

Игереді: болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетуді.

Меңгереді: өлең мазмұнына қарай мамандық түрлерін ажыратуды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «бала тілін дамыту»

3.Тақырыбы: Шалқан (орыс халың ертегісі)

Мақсаты: балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: атрибуттар, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: шалқан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Достар, достар, жүрсің қайда,

Бірге еді ғой жанымыз.

Көмек сұрап бір-бірінен

Жеңіп шықтық бөріміз.

Балалар шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгін біз оқу іс-әрекетінде «Шалқан» ертегісін алдымен оқып, одан кейін мазмұнын талдап, әрбір бала осы ертегіні, өз ойларын, қаншалықты түсінгенін жеткізеді. Ертегіні оқып беру.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Балалар қандай кейіпкерлерді естерінде сақтай алдыңдар?

- Шалқан қайда өседі?

- Атай көмекке кімді шақырды?

- Әжей кімді шақырды?

- Немере қыз кімді шақырды?

- Күшік кімді шақырды?

- Мысық кімді шақырды?

- Сонымен, бәрі бірігіп не істеді?

- Ендеше, балалар, осы ертегідегі кейіпкерлердің атрибуттарын алып, ойынды сахналаймыз.

Зейін қойып

тыңдайды.

Балалардың

жауабы.

Әжейді

Немере қызды

Күшікті

Мысықты

Тышқанды

Рефлексиялық - түзетушілік

Ертегіні сахналау. **Қорытындылау.**

Қазақтың мақал-мәтелдерін айтқыза отырып, оқу іс-әрекетін аяқтау.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»

демекші, бірліктің арқасында

шалқанды жұлып алды.

Жақсы бала еңбекшіл

Ер азамат болады,

Қиындықты жеңсе кім,

Құшағы гүлге толады.

Еңбекшіл осындай

Болайықшы, досым-ай.

Рөлге бөлініп сахналайды.

Мұқият тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасауды.

Меңгереді: сахналау арқылы ертегіні көрсете білуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «бала тілін дамыту»

4.Тақырыбы: «Алтын дән» (өлең)

Мақсаты: еңбеккеқызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: алтын дән.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Жылулық шеңбері.

Тәрбиешімен бірге шеңбер бойына тұрып, төмендегі өлең жолдарын орындайды.

Алақанды ашайық,
Күннің нұрын салайық,
Таза ауадан салайық,
Достың мейірін салайық,
Жүрек жылуын салайық,
Осы жақсы лебіздерді
Бір-бірімізге сыйлайық.

Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасап, өлең жолдарын қайталайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.- Ал енді, балалар, бәріміз орнымызға жайғасып отырайық. Бүгін біз ақын Күләш Ахметованың «Алтын дән» өлеңін мәнерлеп оқып, оның мазмұнын ашатын бірнеше сұрақтарға жауап беруге тырысайық.

Өлеңді мәнерлеп оқу.

Алтын дән

Жатыр дала жалтылдап,

Жаз шуағын мол құйды.

Күн астында алтын дән

Тербеледі, толқиды.

Толықсыған тасқындай

Көкжиекпен ұштасып,

Күн астында аң бидай

Билейді қол ұстасып.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Осы оқыған өлең шумағында не жайлы айтылған?

- Өлеңнің авторы кім?

- Сендерге өлең ұнады ма?

- «Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?

Сергіту сәті

Кел, балақан, балақан,

Шапалақта алақан:
жай - жай - жай.
Қозғап барлық денені,
Қаттырақ соқ қолды енді:
сарт - сарт -сарт.
Айтқан кезде өлеңді,
Ақырын бас еденді:
жай - жай - жай.
Өлеңді қайталап, мәнерлеп оқу, жаттап алу.
Орындарына жайғасып отырады.
Мұқият тыңдайды.
Жауап береді.
Өлең шумағына байланысты дауыс ырғағын келтіріп, қимыл жасайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

Қазақтың нақыл сөздері арқылы оқу іс-әрекетін аяқтау.

Ас атасы – нан.

Нан болса – ән де болады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңнің мазмұнын.

Игереді: алтын дәннің нәтижесі - нан, оны қадірлеу керек екенін.

Меңгереді: нанның үлкен еңбекпен келетінін.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

5.Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)

Мақсаты: «Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. **Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.**

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, атрибуттар, үлгілер, арыстан мен тышқан кейіпкерлерінің бейнесі.

Сөздік жұмыс: арыстан, тышқан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттың шеңбері.

Балаларды ертеңгісін көңіл күйлерін көтеретін, ұйқыдан оятатын, бойларын сергітетін өте көңілді әнмен шаттық шеңбері жасалады.

Көк Тудың желбірегені

Жаныма қуат береді.

Таласқа түссе жан мен Ту,

Жан емес, маған керегі -

Көк Тудың желбірегені.

Балалар қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Бүгінгі іс-әрекетімізде «Арыстан мен тышқан» атты латыш ертегісімен танысамыз.

Ертегі өте қызықты екен.

Жалпы мазмұнын айта кету. Ертегіні оқып беру.

Сұрақ-жауап.

- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

- Арыстан қайда жүреді?

- Арыстан мен тышқанның айырмашылығы неде?

- Арыстан мен тышқан туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Балалар жауап береді.

Саваннада

Арыстан - үлкен, тышқан — кішкентай

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау.

Балаларға әртүрлі қимылдар жасату:

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп,

Беті-қолын жуады.Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рөлдер арқылы ойнату.

Қимылдар жасайды.

Рөлге бөлініп ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: ертегіні тыңдауға деген қызығушылығын арттыруды.

Меңгереді: рөлге бөлініп ойнауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

6.Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме)

Мақсаты: адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, өзге адамға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: әртүрлі суреттер, мақал-мәтелдер кітабы.

Сөздік жұмыс: қарлығаш, балапан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Дала гүлге оранады,

Түрлі түске боянады,

Нұрлы көктем келген кезде

Табиғат та оянады.

Шеңбер бойына тұрып, орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде Д.Данабековтың «Қайырымдылық» әңгімесін оқып, мазмұнын толық ашып әңгімелейміз.

Әңгімені оқып беру.

Сергіту сәті

Ұзын мұртты құмырсқа

Келе жатты жұмысқа.

Алды допты қолына,

Қойды допты жолына,

Оңға қарады, солға қарады,

Үлкен тау деп ойлады.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Әңгіме не жайлы?

- Әуеде не ұшып жүрді?

- Сәулет жерден нені көрді?

- Ол балалардың орнында сендер болсаңдар, не істер едіңдер?

Мұқият тыңдайды.

Қимылдар жасайды.

Қарлығаш

Қарлығаштың

балапанын

Балалардың жауабы

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау.

Сурет бойынша оқу

іс-әрекетін аяқтау.

Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманың мазмұнын.

Игереді: шығарманың мазмұнына байланысты қамқорлық, мейірімділік қасиеттерін. **Меңгереді:** жақсы қасиеттерді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

7.Тақырыбы: «Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі)

Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, **кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - қу) сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.**

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, түлкінің суреті, ұнтаспа.

Сөздік жұмыс: түлкі, айлакер, қу.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Психологиялық сәт.

Балалар шеңбер бойына тұрып,

Өтебай Тұрманжановтың

«Кел,балалар, күлейік» өлеңін ұнтаспаға қосылып, тәрбиешімен бірге орындайды.

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Қабак түйген не керек,

Көңілді боп жүрейік.

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі - көңіл айнасы,

Күліп өмір сүрейік.

Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын қимылдар арқылы орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Сұрақ-жауап.

- Балалар, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?

- Түлкі қандай аң?

- Олай болса, біз бүгін түлкі туралы ертегімен танысамыз. «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін оңу, әңгімелеу, мазмұнын ашу.

Сергіту сәті

Ал, балалар, тұрайық,

Мойнымызды бұрайық,

Қолымызды бұрайық.

Жел сияқты қалықтап

Оңға, солға иіліп,

Денемізді бұрайық.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Сендерге ертегі ұнады ма?

- Ертегіде не жайлы айтылған?

- Түлкінің жасаған қылығы қандай?

- Түлкі Жолбарысты қалай алдады?

Жабайы, қу, т.б.

Қимылдар жасайды.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Рефлексиялық - түзетушілік

Жұмбақ жасыру арқылы

іс-әрекетті аяқтау.

Өзі қу,
Жүрген жері шу.
Түлкі

Күтілетін нәтиже:

Біледі: түлкінің жабайы, қу, айлакер аң екенін.

Игереді: көркем сөйлеу **қабілеттерін.**

Меңгереді: ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалай білуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

8.Тақырыбы: «Маша мен аю» ертегісі

Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмысы: аю, орман.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

- Балалар, бөріміз төмендегі
өлең жолдарын бірге
қайталайық:

Арым таза, ақ көңіл,
Адамдыққа сенемін.
Абыройлы, ақ ниет,
Адалдыққа сенемін.

Шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Бүгінгі іс-әрекетімізде «Маша мен аю» ертегісін оқимыз.

Ертегіні оқып беру.

Сергіту сәті

Қорбандаған аюдың
Құлпынайы көп екен,
Теріп, теріп алайың,
Қалтамызға салайық.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Атасы мен апасы Машаға не деді?
- Олар қайда барды?
- Маша кімнің үйіне кіріп кетті?
- Маша аюға не деді?
- Маша атасы мен әжесіне не пісірді?
- Бәлішті ата-әжесіне қалай жеткізді?

Қимылдар жасайды.

Балалардың жауабы.

Аюдың

Бәліш

Жәшікке кіріп, өзі жеткізді

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

- Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ертегі оқыдың?
- Ертегі сендерге ұнады ма?

Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: жақсы, жаман қасиеттерді.

Меңгереді: кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

9.Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі

Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін естеріне түсіру, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: тоғай, қасқыр, лақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар шеңбер бойына тұрып,
педагогпен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.

Арым таза, ақ көңіл,

Адамдыққа сенемін.

Абыройлы, ақ ниет,

Адалдыққа сенемін.

Шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер?

- Ертегі оқыған сендерге ұнай ма?

Ертегіні оқып беру, сурет арқылы мазмұнын ашу.

- Ешкі мен лақтар қайда тұрады?

- Ешкі тоғайға не үшін барады?

- Ешкі тоғайға кеткенде кім келді?

- Лақтар қасқырға есікті неге ашпады?

Балалардың жауабы.

Мұқият тыңдайды.

Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

Ертегіні екі топқа

бөлініп сахналауды ұйымдастыру.

Ертегіні сахналайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұны мен жан-жануарлардың атауларын.

Игереді: мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін.

Меңгереді: шығарманы зейін қойып тыңдауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

10.Тақырыбы: «Суретші қыс» (өлең)

Мақсаты: өлеңді көрнекі құралдар көмегінсіз жатқа айтуға, оны дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс-тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: суретші, ақ мамық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шанамен зырғып желетін,
Шаңғы, коньки тебетін,
Аққала жасап ойнайтын
Қай мезгіл деп ойлайсың?
Шаттың шеңбері:

Сырғанақ

Жасап қардан үйілген
Дөңге шығып бүгін мен,
Маңайыма бір қарап,
Кеттім төмен сырғанап.
Жерге тимей табаны
Шанам зулап барады,
Қорыққам жоқ сонда да,
Сужүрек деп ойлама.
(К.Баянбаев)

Қыс

Өлең мазмұнына қарай қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

- Балалар, бұл өлең шумағында не туралы айтылған?
- Қыс несімен қызықты?
- Қандай ойындар ойнаймыз?
- Олай болса, бүгінгі оқу іс-әрекетінде К.Нүсіповтың «Суретші қыс» өлеңін жаттаймыз.
- «Суретші қыс» өлеңін мәнерлеп оқып беру.
- Өлеңнің мазмұнын ашу.

«Қар жинау» қозғалысты ойыны.

Өлеңді жаттау.

Сұрақтарға жауап береді.

Ойын ойнайды. Өлеңді жаттайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

- Балалар, біздің жаттаған өлең шумағымызда не туралы айтылған?

3-4 баладан тақпақты жатқа сұрау.

Балалардың
жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңді жатқа айтуды.

Игереді: ойын арқылы қыс мезгілінің ерекшелігін.

Меңгереді: өлең мазмұнын түсіне отырып, қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

11.Тақырыбы: «Отан» өлеңі (мәнерлеп оңу)

Мақсаты: Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы әдебиетке **құштарлыққа** баулу, өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. **Өз Отанын сүйуге тәрбиелеу.**

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, ұнтаспа, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: атамекен, туған жер.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Көк Тудың желбірегені

Жаныма қуат береді.

Таласқа түссе жан мен Ту

Жан емес, маған керегі

-Көк Тудың желбірегені.

Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Отан деген не?

- Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Біздің ұлтымыз - қазақ.

Отанымыз - Қазақстан

Республикасы деп аталады.

- Бүгінгі біздің оқу іс-әрекетінде ақын

Ермек Өтетілеуұлының

«Отан» өлеңімен танысамыз.

«Отан» өлеңін мәнерлеп оқып беру.

Әңгімелеу.

- Отанды біз «атамекен» деп айтамыз, өйткені оны бабамыз бен атамыз мекен еткен.

Отанды әркім анасындай бағалап, қастерлейді. Өйткені Отан бізді баласындай өсіріп, аялайды.

Отан деген - атамекен,

Отан деген - туған жер,

Отан - ана, Отан - үлкен

Қазақстан — туған ел.

Балалардың жауабы.

Мұқият тыңдайды.

Қосыла қайталайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

- Отан туралы қандай өлең, тақпақтар білесіңдер?

Мақал-мәтелдер айту.

Өлең, тақпақтар, мақал-мәтелдер айтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңнің мазмұнын түсінеді.

Игереді: өз Отанын, жерін сүйіп, құрметтеуді.

Меңгереді: мақал-мәтелдер арқылы ой-өрісі кеңейеді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

12.Тақырыбы: «Әке мен бала» (әңгіме)

Мақсаты: ересектермен қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижесін құрметтеуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер, үнтаспа.

Сөздік жұмыс: таға, қанағат.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

Шеңбер болып тұрайық

жылы жүзбен,

Бізге келсін қуаныш, нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын көрген жан мына бізден.

Шаттық шеңберіне тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе кезең.

- Бүгінгі оқу іс-әрекетінде Ыбырай Алтынсариннің «Әке мен бала» әңгімесімен танысамыз. Сурет арқылы әңгімелеу. «Әке мен бала» суреті арқылы сұрақтарға жауап беру.

- Суретте кімдерді көріп тұрсыңдар?

- Олар қалай киінген?

- Әкесі мен баласына ат қояйық.

- Олай болса, қазір мен сендерге «Әке мен бала» әңгімесін оқып берейін.

Әңгімені оқып беру

Сергіту сәті

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып, керіліп,

Беті-қолын жуады.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Әкесі мен баласы жолда келе жатып не көрді?

Әкесі тағаны не істеді?

Ол ақшаға не сатып алды?

Әкесі баласына шиені қалай берді?

Әкесі мен баласын

Мұқият тыңдайды.

Қимылдар жасайды.

Таға
Сатты
Шие

Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

«Отбасы мүшесін ата!» ойыны.

Қорытындылау.

1. Әке. 2. Шеше.
3. Әже. 4. Ата.
5. Аға. 6. Әпке, т.б.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманың мазмұнын.

Игереді: жалқаулықтың жаман қасиет екенін.

Меңгереді: ойын арқылы отбасы мүшелеріне кімдер жататынын.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

13.Тақырыбы: «Дәрігер Айболит» (ертегі)

Мақсаты: балаларды мейірімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынас білдіруге талаптандыруды жалғастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: дәрігер, шипа, қорқау.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

Педагогпен бірге орындайды. «Ертегілер» әні

Ғажайып түс көрдім

Таң ата мен бүгін.

Ертегі әлемінің қызығында
жүрдім,

Нұрына шомылдым бүгін,

Жұлдыздай көркем,

Шеңбер бойына тұрып, өлеңді қайталап, қимыл арқылы жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Әдемі едін, неткен,

Құстары сөйлейді,

Бұлттары тербейді,

Мен оянып кеттім, әттең.

Қайырмасы:

Ертегілер,

Ертегілер,

Неге мені ертпедіндер,

Әлеміңнің ғажап күйін

Шертпедіндер сендер.

Гүл тердім бақтардан,

Әр гүлде бір арман

Таусылмайтын тәтті,

Сый әкеліп жатты

Жан біткеннің бәрі маған.

Кіріспе әңгіме.

- Бүгін біз Корней Иванович Чуковскийдің «Дәрігер Айболит» ертегісімен танысамыз.

Ертегіні мәнерлеп оқып беру және оның мазмұнын ашу.

Сергіту сәті

Алтын айдарлы әтеш оянды,

Тым ерте тұрыпты,

Ойқастап жүріпті,
Жан-жаққа қарапты,
Айдарын тарапты,
Қо-қо-қо! - депті,
Қорада ойранды салыпты,
Секіріп, айқайлап
Шарбаққа қоныпты.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Сендерге ертегі ұнады ма?
 - Ертегіде қандай кейіпкерлерді кездестірдік?
 - Қандай құстарды көрдіңдер?
- Қимылдарын жасайды.
Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

Ертегіні сахналау арқылы оқу іс-әрекетін аяқтау.
Сахналайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Айболит - орман дәрігері екенін.

Игереді: мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді.

Меңгереді: ертегі арқылы қоршаған ортаны қорғай білуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

14.Тақырыбы: «Сыпайылық сабақтары» (өлең)

Мақсаты: балаларды адамдардың арасындағы қарым-қатынастың адамгершілік нормаларымен, әлеуметтік ортадағы жүріс-тұрыс ережелерімен таныстыруды, сыпайылықтың қарапайым дағдыларына тәрбиелеуді жалғастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: әдептілік, сыпайылық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

Балалар шеңбер бойына тұрып,
педагогпен бірге мына өлең
жолдарын қайталайды:

Жақсылық көрсең біреуден,
«Мен қандаймын» деп ойла.
Жамандық көрсең біреуден,
«Мен қандаймын» деп ойла.

(Ө. Ақыпбеков)

Балалар шеңбер бойына тұрады.

Өлең жолдарын қайталап, қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Әңгімелеу.

- Балалар, бүгін біз сыпайы, әдепті, жағымды қасиеттер туралы әңгімелейміз.
 - Сендер қалай ойлайсыңдар, адамдар неліктен бір-бірімен амандасады? Балалардың жауаптары тыңдалып, педагог қорытындылайды.
 - Дұрыс айтасыңдар! Сәлемдесу, амандасу - адамдардың бір-біріне ізет, сый-құрмет көрсетуі. Оның бәрі сыпайылық.
- Өлеңді мәнерлеп, түсінікті оқып беру және сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.

Сұрақ-жауап.

- Балалар, біз қандай болуымыз керек?
 - Біздің топта сыпайы, әдепті, арлы балалар бар ма?
- Балалардың жауабы.
Мүқият тыңдайды.
Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау— Балалар, біз бүгін сәлемдесудің әдептіліктің, сыпайылықтың бастауы екенін білдік. Сәлемдесу дегеніміз - құрмет білдіру, яғни әрбір күніміз немесе әңгіменің сәлемдесуден басталатынын түсіндік. Осының бәрі - сыпайылық сабақтары. Мақал:
Әдептілік белгісі - иіліп сәлем бергені.

Әдепті бала - ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала - ата-анасын қақсатар.
Балалар тыңдап, өздерінің түсінгендерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жағымды қасиеттерді.

Игереді: өлең арқылы әдептілік ережелерін.

Меңгереді: әдептілік туралы бірнеше мақал-мәтелдерді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

15.Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене»

Мақсаты: қоршаған ортада жақсы деген не екенін түсіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді дамыту. Әдептілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: әдепті, қамқор, шыншыл, тәрбиелі.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Жақсылық көрсен біреуден,

«Мен қандаймын» деп ойла.

Жамандық көрсен біреуден

«Мен қандаймын» деп ойла.

- Балалар, бәріміз орнымызға жайғасып отырайық.

Тәрбиешімен бірге орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгін біз Владимир Маяковскийдің

«Жақсы деген немене, жаман деген немене»

өлеңімен танысамыз.

Өлеңді мәнерлеп оқып беру.

Өлеңнің мазмұнын ашып түсіндіру.

Мұқият тыңдайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

«Мен қандаймын» ойыны.

Мақсаты: Адам бойындағы жақсы қасиеттерді айту.

Ойын барысы: Балалар шеңберге

тұрып, бір-біріне допты беріп,

сол бала жайлы пікірін айтады.

Мысалы:

- Іңкәр, сен әдемісің, мейірімдісің, жақсы қызсың, т.б.

Қорытындылау.

- Бүгін біз оқу іс-әрекетімізде ненің жақсы, ненің жаман екенін білдік. «Жақсы бала» деген атқа лайық болу үшін әдепті, қамқор, шыншыл, тәрбиелі болу керек.

Ойынға белсене қатысады.

Балалар бір-біріне пікірлерін айтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жақсы қасиет пен жаман қасиетті ажыратуды.

Игереді: өлең мазмұны арқылы жақсы қасиеттерді.

Меңгереді: әдептілік нормаларын.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

16.Тақырыбы: «Қызыл телпекті қыз» (ертегі)

Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруге көмектесу.

Сөздік жұмыс: қызыл телпекті қыз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар шеңбер бойына тұрып, педагогтің көмегімен өлең жолдарын қайталайды.

Біз көңілді баламыз,

Шаттық әнге саламыз.

Айгөлек-ау, айгөлек,

Би билейміз дөңгелеп.

- Міне, қандай тамаша!

Өнерлі, биші, ақылды балалар екенсіңдер!

Шеңбер бойына тұрып, қимыл жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Бүгінгі оқу іс-әрекетінде «Қызыл телпекті қыз» ертегісін оқып, оның мазмұнын ашып әңгімелейміз. Ертегіні оқып беру.

Сергіту сәті

Қорбаңдаған аюдың

Құлпынайы көп екен.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық!

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Сендерге ертегі ұнады ма?

- Анасы қызыл телпекті қызын қайда жұмсады?

- Қызыл телпекті қызға кім кездесті?

- Қай жерде?

- Қызыл телпекті қыз не деп жауап береді?

- Қасқырдың қарнын жарған кім?

Ертегіні тыңдайды.

Қимылдар жасайды.

Балалардың жауабы.

Әжесіне

Қасқыр

Орманда

Отыншылар

Рефлексиялық - түзетушілік

2-3 баладан ертегінің мазмұнын сұрау.

Іс-әрекетті қорытындылау.

Мазмұнын айтады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: кейіпкерлердің әрекетіне баға беруді.

Меңгереді: сұрақ-жауап арқылы оқуды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

17.Тақырыбы: «Айна» (халық ертегісі)

Мақсаты: балаларды ертегіні түсініп, мазмұнын мәнерлі айтуға үйрету, сөйлеуге, әңгімелей білуге үйрету. Балаларды ертегі желісі арқылы адамгершілікке баулу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: ертегі суреттері, саусақ театрының кейіпкерлері, әр балаға айна.

Сөздік жұмыс: кірпі, керік, қоян.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

- Балалар, бүгінгі біздің жасалатын жылулық шеңбері өте қызықты өтеді. Сондықтан шеңбер бойына дөңгеленіп тұрайық, үлкен шеңбер құрайық. Жылулық шеңбері Алақан арқылы бір-бірімізге жылулық лебіз білдіреміз.

Домбырам күмбірлеп, Күй шерте аламын,

Бұрала би билеп,

Сурет те саламын.

Кіріспе әңгіме.

- Тапсырмада берілген «Айна» ертегісін тыңдай отырып, ертегі кейіпкерлерін есте сақтап қалуға зер салайық.

Мәнерлі дауыс ырғағымен балаларға ертегі оқылады.

Сұрақ-жауап арқылы балалардан мазмұнын сұрап, ертегінің желісін ашу. Сөздік қорларын байыту үшін сөздік жұмысын жүргізу. Мысалы:

- Ертегі сендерге ұнады ма?

- Ертегіде не жайлы айтылған?

- Ертегі кейіпкерлерін естеріңе түсіре аласыңдар ма?

- Кейіпкерлердің бір-бірінен айырмашылықтары неде?

Балалар қимыл арқылы өлең шумақтарын қайталайды.

Балалар зейін қоя тыңдайды.

Педагогтің жетелеуімен балалардың жауабы.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Сергіту сәті (жаттықтыру ойыны арқылы тілдерін жаттықтыру).

Кірпі, керік, қоян сөздерін анық айту үшін тілдің қалай қозғалып, жұмыс жасайтынына көздерін жеткізеді.

Балалар көтеріңкі көңіл күйде болады.

Рефлексиялық - түзетушілік

Өз ойларын айта білгені үшін балаларды мақтау, мадақтау.

Күтілетін нәтиже: Біледі: ертегінің мазмұны мен жан-жануарлардың атауларын.

Игереді: кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалай білуді.

Меңгереді: ертегінің мазмұнын айта білуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

18.Тақырыбы: «Құлыншақ» (өлең)

Мақсаты: балалар көркем әдебиетіндегі адамгершілік әлемімен таныстыру.

Туынды мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. Әдеби кейіпкерлердің бейнесі мен ересектерге жақсы қарым-қатынасты үлгі ету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: сурет, ұнтаспа, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: құлын, құлыншақ, құндыз, жұлдыз.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Психологиялық сәт.

- Ал, балалар, шеңбер бойына тұрып, қимылды жаттығулар жасайық.

Өзен

Өзенге қарай жүгірдік,

Рахаттана жуындық.

Батылдықты растап,

Жүзіп бердік құлаштап.

Жүзе бердік еркіндей,

Су төресі дельфиндей.

Сөйтіп жақсы демалып,

Қайттың үйге оралып.

Бір орында жүгіреді, кеуделерін еңкейтеді, жуынғандарын көрсетеді, жүзеді (қолдарын алға созып, дельфин тәрізді жүзеді) бір орында тұрады.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде ерекше бір өлең жолдарымен танысамыз. Өлеңді оқып беру.

Құлыншақ

Құлын, құлын, құлыншақ,

Желкілдейді тұлымшақ.

Маңдайында жұлдызы,

Құйрығында құндызы. (М.Жаманбалинов)

Сұрақ-жауап.

- Оқылған өлең сендерге ұнады ма?

- Авторы кім?

Құлын қай малдың төлі?

Сергіту сәті

Жеті мен сегіз,

Қошақан ғой егіз.

Тоғыз бенен он,

Көгершін боп қон.

Балалар сұраққа жауап береді.

Қимылдар жасайды, көрсетеді.

Рефлексия

лық - түзетушілік

Қорытындылау (ойын арқылы). «Малдың төлін атау» ойыны, Ойын мақсаты: балаларды алғырлыққа, шапшандыққа, ойлау қабілеттеріне баулу. Ойын шарты: шеңбер бойына балаларды тұрғызу. Сиқырлы таяқша кімге келіп тоқтайды, сол бала айтылған малдың төлін атайды.

Төлдерді атайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңнің мазмұнын.

Игереді: іс-әрекеттерін бағалауды, адамгершілік қасиеттерін.

Меңгереді: ойын арқылы малдың төлін атауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

19.Тақырыбы: «Ана» (өлең)

Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы білімдерін қалыптастыру, анаға деген құрметін, балалық сезімдерін сөз арқылы жеткізе білуді дамыту. Аналар еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: мейірімді, аяулы, ардақты.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Шаттық шеңбері:

Ана - біздің күніміз,

Ананың біз - гүліміз.

Ұландарды қуанытып,

Аман-есен жүріңіз.

Балалар шеңбер бойында тұрып, қайталайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

- Көктемнің алғашқы мерекесін білесіңдер ме?

- Бүгінгі оқу іс-әрекетінде ақын ағамыз Өтебай Тұрманжановтың «Ана» өлеңімен танысамыз.

Мәнерлеп оқу.

Ана

Ана әнмен тербетеді,

Күйге бөлеп жаныңды.

Көңіліңді сергітеді,

Балбыратып тәніңді.

Сен ұйықтасаң әнге балқып,

Анаң жаны жайланар.

Аспандағы ай да қалқып,

Ақ бетіңнен аймалар.

Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу.

Сергіту сәті

«Анашым» өніне жасалады.

Көктем

Қар ериді, жыл құстары келеді, ағаштар бүршік жарады

Аналар мерекесі

Мүқият тыңдайды.

Балалардың жауабы.

Музыка ырғағымен қимылдар жасайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау.

«Мейірім ұшқыны» ойыны.

Әр бала өз анасы туралы мейірімді сөздер айтады.

Ойынды ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: аналар мерекесі жайлы.

Игереді: күн мен түннің теңелетінін, басқа мейрамдардан айырмашылығын ажыратуды.

Меңгереді: Наурыз мейрамы туралы түсініктері қалыптасып, салт-дәстүрді құрметтеуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

20.Тақырыбы: «Наурызым, армысың!» (өлең)

Мақсаты: Шығыс күнтізбесі жайлы білімдерін жетілдіру. Шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл 22 наурыздан басталатынын, күн мен түн теңесетінін түсіндіру. Наурыз мейрамының басқа мейрамдардан айырмашылығын ажырата білуге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: наурыз, наурыз көже.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар педагогпен бірге «Наурыз - біздің жаңа жыл» әнін қосылып айтады.

Наурыз — біздің жаңа жыл (сөзі, әні Ж. Қалжанованікі)

Наурыз келді, балалар,

Көктеді қыр-жағалар.

Наурыз тойын тойлайың,

Жаңа жылда, ағалар.

Наурыз, наурыз,

Келді біздің жаңа жыл.

Көктем келді, балақай

Жасарды жер, алақай.

Наурыз тойын тойлайық,

Әсем әнге сал, апай.

Наурыз, наурыз,

Келді біздің жаңа жыл.

Бәйшешектер гүлдеді,

Қорада мал төлдеді.

Наурыз тойын тойлайық,

Қосыл, аққу, көлдегі.

Әнге қосылады.

Балалар шеңбер бойына тұрып,

әнді орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

Белгілі ақын Оразақын Асқардың «Наурызым, армысың!» өлеңін мәнерлеп оқып беру.

Наурызым, армысың!

Ата-бабам тойлаған,

Наурызым, армысың!

Қызығына тоймаған,

Дарқан дала, қарлы шың.

Қауыша алмай қанша жыл,

Қалдық сенен адасып,

Төрле, есіктің бәрі ашық.
Мерекені байырғы
Алды халқым қабылдап.
Ақ дастарқан жайылды,
Ошақта от жалындап.

Сергіту сәті

Музыка ырғағымен қимылдар жасау.

Сұрақ-жауапарқылы әңгімелеу.

- Мен сендерге оқып берген өлең шумағында не жайлы айтылған?

- Наурыз мейрамын қалай қарсы алады?

Әртүрлі әуенге би қозғалыстарын жасайды.

Балалардың жауабы.

Рефлексиялық – түзетушілік

«Гүл құрастыру» ойыны.

Ойынды ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңнің мазмұнын.

Игереді: күн мен түннің теңелетінін, басқа мейрамдардан айырмашылығын ажыратуды.

Меңгереді: Наурыз мейрамы туралы түсініктерін қалыптастырып, салт-дәстүрді құрметтеуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

21.Тақырыбы: «Бәріміз үшін бәрі де» өлеңі

Мақсаты: құрдастарымен қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттестік ережелерін сақтауға үйрету, келіспеушілікті шешудің тәсілдерін таба білу қабілетін қалыптастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: мамандық, наубайшы, тас қалаушы.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балаларды шеңбер бойына тұрғызып,

шаттық шеңберін өткізу.

Достарды біз қолдаймыз,

Қиын шақта қорғаймыз,

Біздің топта ұл-қыздар

Тату-тәтті ойнаймыз.

Шеңбер болып

тұрады.

Өлең жолдарын

қайталап,

қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Бүгін ерекше күн. Біз оқу іс-әрекетінде поляк ақыны Юлиан

Тувимнің «Бәріміз үшін бәрі де» өлеңімен танысамыз.

Өлеңді мәнерлеп оқып беру.

Сергіту сәті

Зуылдаймыз, зулаймыз,

Алыс-алыс жерлерге.

Бақытты біз достармыз

Сапар шеккен елдерге.

Сұрақ-жауап арқылы өлеңнің мазмұнын ашу

- Қандай мамандықтарды білесіндер?

- Тас қалаушы деген кім?

- Наубайшы деген кім?

Мақал-мәтел айту.

Еңбек етсең ерінбей

Тояды қарның тіленбей.

Еңбек түбі береке.

Еңбектің наны тәтті,

Жалқаудың жаны тәтті.

Мұқият тыңдайды.
Қимылдар жасайды.
Балалардың жауабы.
Қайталайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау. «Құрылысшы»

сюжетті-желілі ойыны.

Ойынды ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңнің мазмұнын түсінеді.

Игереді: мақал-мәтелдерді жаттауды.

Меңгереді: ойын арқылы мамандықтар түрлерін ажыратуды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

22.Тақырыбы: «Үш жолдас» (әңгіме)

Мақсаты: Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіру. Достың қатынасты бағалай білуге баулу. Достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер, жұмыс дәптері.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Шаттың шеңбері
Ортақ мекен жер шары,
Төбемізде бір аспан.
Барлық ұлттың баласы –
Достығымыз жарасқан.

Бір-біріне қуаныш сыйлайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме(суретпен жұмыс).

- Балалар, суреттен не көріп тұрсындар?
- Көне, осы суретке қарап әңгіме құрастырайық.
- Ал сендер *достық* дегенді қалай түсінесіңдер?
- Достың дегеніміз - екі адамның арасындағы сыйластық. Ендеше, балалар, бір-біріне адал, қамқор, тату дос болуларың керек. Қазіргі оқылатын әңгіме: «Үш жолдас» деп аталады.

Хрестоматиядан «Үш жолдас» әңгімесін оқу. Әңгіме желісін, мазмұнын айту.

Сергіту сәті

Алма баққа барайық,
Алма теріп алайық.
Ең үлкенін, жақсысын
Досымызға сыйлайық.

Сұрақ-жауап.

- Әңгіме не жайында болды?
 - Шынайы дос қандай болуы керек? «Достық» туралы мақал-мәтелдер айту.
- Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.
Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас.
Балалардың жауабы.
Достар тату болуы керек
Тындайды.
Өлең мазмұнына сай қимылдар жасайды.
Дос туралы Адал, шыншыл
Балалар педагогпен бірге қайталайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

«Менің досым» ойынымен аяқтау.

Допты лақтырып, қағып алған
балаға педагог досының атын,
білетін болса, достық туралы
мақал-мәтел айтқызады.

Ойын ойналады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманың мазмұнын.

Игереді: достық қатынасты бағалай білуді.

Меңгереді: адал дос болуды, досты сыйлауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

23.Тақырыбы: «Өкпелеме» өлеңі

Мақсаты: шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің қарапайым іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге сипаттама бере білуге үйрету. Балаларды шығарма **мазмұнын салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету.**

Көрнекілік: хрестоматия.

Сөздік жұмыс: өкпелеме.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру сәті.

Шаттық шеңбері:

Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, төмендегі өлең жолдарын айтып, қимылдар жасату.

Ал, балалар, тұрайық,

Алақанды ұрайық.

Оңға-солға түзу тұр,

Солға-оңға түзу тұр.

Жоғары-төмен қарайық.

Бойымызға күш жинап

Бір тынығып алайық.

Шеңбер бойына тұрып, бірге қайталайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Ал енді, балалар, бәріміз орнымызға жайғасып отырайық.

Бүгінгі оқу іс-әрекетінде ақын Мұзафар Әлімбаев атамыздың

«Өкпелеме» өлең шумағын тыңдап көрейік. Өлеңді мәнерлеп оңу.

Сұрақ-жауап арқылы мазмұнын ашу.

- Осы оқылған өлең шумағында не жайлы айтылған?

- Өлеңнің авторы кім?

- «Өкпелеме» сөзін қалай түсіндіңдер?

Сергіту сәті

Біздер тату боламыз,

Гүл-гүл жайнаймыз,

Жаттығуда сергіп қаламыз,

Бір, екі, үш,

Жоғары қолды созамыз.

Жоғары-төмен қарайық,

Орнымызды табайық.

Мұқият тыңдайды.

Балалардың жауабы. М.Әлімбаев

Қимылдар жасайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау.

Педагог оқу іс-әрекетін өлең жаттатумен аяқтайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманың мағынасын түсінеді.

Игереді: жақсы қасиеттерді сипаттай білуді.

Меңгереді: «Өкпелеме» деген сөздің мағынасын түсінуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

24.Тақырыбы: «Түлкі мен Тырна» ертегісі

Мақсаты: балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер, ойыншықтар.

Сөздік жұмыс: тырна, жайпақ табақ, құмыра.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық,

Жүрек жылуын салайық,

Осы жақсы лебіздерді

Бір-бірімізге сыйлайық.

Балалар шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгін біз «Түлкі мен Тырна» ертегісін оқып, мазмұнын ашамыз. «Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беру. ***Сергіту сәті***

Қанат жаям жалма-жан

Талпынғандай ұшуға.

Иіліп келіп қол созам

Аяғымның ұшына.

Сұрақ-жауапарқылы мазмұнын ашу.

- Түлкі кіммен дос болыпты?

- Түлкі қонағын қалай күтіпті?

- Тырна Түлкіні қалай күтті?

Қимылдар жасайды.

Тырнамен

Балалардың

жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

- Түлкі қандай аң?

- Тырна қандай құс?

Жабайы, қу

Мойны ұзын

Күтілетін нәтиже: Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: ертегідегі кейіпкерлердің әрекеттеріне баға беруді

Меңгереді: жақсы қасиеттерді

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

25.Тақырыбы: «Аққу-қаздар» ойыны

Мақсаты: қарым-қатынас ережелерін сақтауға үйрету, өзге адамға мейірімділікті, қамқорлық қатынас білдіруді ниеттеуді жалғастыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: аққу мен қаздар атрибуттары, қасқырдың маскасы немесе киімі.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балаларды шаттық шеңберіне тұрғызу.

Психологиялық сәт:

Қаңқ, қаңқ, қаздарым,

Тізені сәл бүгіндер,

Қолды артқа ұстандар,

Кәне, қазға ұқсандар.

Тектен-текке тұрмайық,

Мойындарды бұрайық,

Бойымызға күш жинап,

Бір тынығып алайық.

Көңілді күймен балалар шаттық шеңберіне тұрып, қайталайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

Бүгінгі оқу іс-әрекетін «Аққу мен қаздар» ертегісінің желісі бойынша өте қызықты өрі тартымды ойын арқылы түрлендіру. **Сұрақ-жауап** арқылы ойынның толық мазмұнын айтып беру.

- Ал, балалар, бүгін бізге сонау орманшылар елінен аңдар қонаққа келіпті. Олар өздерімен бірге қызықты ойын ала келіпті. Қазір біз сол ойынды өзіміз ойнап көрейік. Әрбір бала өз қалауы бойынша ұнаған атрибуттарын басына киіп, рөлге еніп, ойнап көрсетеміз. Ойын өте қызықты.

- Ал ендеше, төрлетіндер, орман аңдары!

Қасқыр келіп, ойын шартын түсіндіреді. Ойын өрі қарай жалғасады.

- Балалар, сендердің бүгінгі көңіл күйлерің өте жақсы болған сияқты.

Балалар тыңдайды.

Балалар қызығушылық танытады (өздерін еркін ұстайды).

Рефлексиялық - түзетушілік

Сендерге ойын түрінде өткен оқу іс-әрекеті ұнады ма?

Ендеше бұл ойынды таза ауада серуенде жалғастырамыз.

Балалардың жауаптары.

Күтілетін нәтиже: Біледі: ұжымдық қатынаста ойнай білуді.

Игереді: ойынға қызығушылық танытады.

Меңгереді: адамгершілік қасиеттерді

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

26.Тақырыбы: Абай «Жаз» өлеңі

Мақсаты: балалардың жаз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Көктем мезгіліндегі ерекшеліктермен салыстыра отырып табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Қолданылатын көрнекі құралдар: жыл мезгілінің суреттері, ұнтаспа, хрестоматия.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

«Ақылшы дос балдырған» әні орындалады.

Көктем, көктем, көктемде

Біз бау-бақша еккенде.

Қарсы шығар алдыңнан

Ақылшы дос балдырған. *2 рет*

Жайдары жаз келгенде,

Жеміс-жидек тергенде.

Шөп сарғайып қалғанда,

Біз мектепке барғанда.

Көңілді қыс келгенде

Біз сырғанақ тепкенде.

Ұнтаспаға педагогпен қосылып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

Сурет бойынша әңгіме (жыл мезгілдері)

- Қазір жылдың қай мезгілі?

- Олай болса, бүгінгі іс-әрекетімізде Абай атамyzдың «Жаз» өлеңімен танысамыз. «Жаз» өлеңін оқып беру. Әрбір оқылған шумақтарына толық түсінік беру.

Сұрақ-жауап.

- Оқылған өлең шумағында не туралы айтылған?

- «Ұзарып», «күркіреп» деген сөздерді қалай түсінесіңдер?

Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

«Аққу-қаздар» ойыны.

Қорытындылау

Ойынды ойнайды.

Күтілетін нәтиже: Біледі: өлең мазмұнын түсінеді.

Игереді: өлеңге сүйене отырып, жаз мезгілінің ерекшелігін.

Меңгереді: сұрақ-жауап арқылы суреттерге әңгіме құрастыра

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

27.Тақырыбы: «Жайлау» өлеңі

Мақсаты: шығарма кейіпкерлерінің жүріс-тұрысына эмоциялық ықпалдастың танытуға талаптандыру. Ұқсас жағдайда кейіпкерлердің әрекеттерін және өзінің жүріс-тұрысын бағалауға үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: жайлау көрінісі бейнеленген суреттер, төрт түлік малдың макеттері.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Психологиялық сәт:

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп,

Беті-қолын жуады.

Орындарынан тұрғызып, жаттығу қимылдарын жасату.

Шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Ал ендеше, балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінің ерекшелігі: барлығымыз шеңбер бойында ата-әжеміздің жайлауында отырғандай сезініп, әңгіме желісін тыңдаймыз.

«Жайлау» өлеңін оқу.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Жылдың неше мезгілі бар?

- Әр мезгілді ата.

- «Жайлау» деген сөзді қалай түсінесіңдер?

- Жайлауға қай мезгілде адамдар қоныстанады?

Мазмұнын сұрақ-жауап арқылы толық ашу.

Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

«Ойлан, тап!» ойыны.

Түйе, бота маң басқан,

Төрт аяғын тең басқан.

Шұнақ құлақ бес ешкі,

Қос-қос лақты қос ешкі,

Төрт қозылы екі қой,

Бәрін бірге ойлап қой.

Балалар ойын ойнайды.

Күтілетін нәтиже: Біледі: жыл мезгілдерін. Игереді: жаз мезгілінің ерекшелігін. Меңгереді: «жайлау» сөзінің мағынасын. Рейтинг мате

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

28.Тақырыбы: «Жұмыстың бәрі жақсы» (өлең)

Мақсаты: қоршаған ортаның жан-жақтылығы жайлы түсініктерін көркем туындылар, мамандық арқылы кеңейту.

Туынды кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау, өз ойлары мен алған әсерлерін айта білу білігін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: қалаң, сарай, кен, шахтер, ғарыш.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

-Балалар, бөріміз ортаға шығып,

«Шаттық, шеңберін» құрайың.

Шеңбер болып тұрайық жылы жүзбен,

Бізге келген қуаныш нұр іздеген.

Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз,

Үлгі алсын келген жан мына бізден.

- Ал енді мен сендерді ыңғайланып отыруға шаңырамын.

- Бүгінгі оқу іс-әрекетімізде ақын Мұзафар Әлімбаевтың «Жұмыстың бәрі жақсы» өлеңімен танысамыз.

Өлең

жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.

Жайғасып отырады.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

Құрылысшы:

Қолда темір қалағым,

Содан сарай қаладым.

Алматыдан аумайтын

Әсем ңала саламын.

Шахтер:

Орны бөлек елдегі,

Шахтердің көп еңбегі.

Тау-тау болып үйілген,

Оның қазған кендері.

Ұстаз:

Оқу-білім ордасы,

Ұстаз оның арнасы.

Ұстаздың деген ұлы іс,

Адамдардың айнасы.

Ғарышкер:

Тұңғышты - ғарышты,

Тұнып тұрған алысты,
Орындалып арманы
Ғарышкерлер шарлады.

Сұрақ-жауап.

- Өлең шумағында не жайлы айтылған?
- Кім білім береді?
- Автобусты кім айдайды?
- Тұрғын үйлерді кім салады?
- Балаларды кім емдейді?

Дидактикалық ойын: «Кім болам?»

Мақсаты: мамандық туралы білімдерін бекіту.

Шарты: бала өзі қалаған мамандығын (сурет) алады да, сол мамандың туралы әңгімелейді.

Мүқият тыңдайды.

Ұстаз

Жүргізуші

Құрылысшы

Дәрігер

Ойын ойнайды

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау (сурет арқылы):

- Балалар, мына суреттерге назар аударыңдар. Кімдерді көріп тұрсыңдар?
- Суретте қандай мамандың иелері бейнеленген?
- Тағы қандай мамандың түрлерін білесіңдер?
- Сендер өскенде кім болғыларың келеді?

Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: мамандық туралы білімдерін кеңейту.

Игереді: болашақ мамандыққа байланысты ұғымын тереңдетуді.

Меңгереді: өлең мазмұнына қарай мамандық түрлерін ажыратуды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «бала тілін дамыту»

29.Тақырыбы: Шалқан (орыс халың ертегісі)

Мақсаты: балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін, жүріс-тұрысын талдауға, оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: атрибуттар, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: шалқан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Достар, достар, жүрсің қайда,

Бірге еді ғой жанымыз.

Көмек сұрап бір-бірінен

Жеңіп шықтық бөріміз.

Балалар шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгін біз оқу іс-әрекетінде «Шалқан» ертегісін алдымен оқып, одан кейін мазмұнын талдап, әрбір бала осы ертегіні, өз ойларын, қаншалықты түсінгенін жеткізеді. Ертегіні оқып беру.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Балалар қандай кейіпкерлерді естеріңде сақтай алдыңдар?

- Шалқан қайда өседі?

- Атай көмекке кімді шақырды?

- Әжей кімді шақырды?

- Немере қыз кімді шақырды?

- Күшік кімді шақырды?

- Мысық кімді шақырды?

- Сонымен, бәрі бірігіп не істеді?

- Ендеше, балалар, осы ертегідегі кейіпкерлердің атрибуттарын алып, ойынды сахналаймыз.

Зейін қойып

тыңдайды.

Балалардың

жауабы.

Әжейді

Немере қызды

Күшікті

Мысықты

Тышқанды

Рефлексиялық - түзетушілік

Ертегіні сахналау. **Қорытындылау.**

Қазақтың мақал-мәтелдерін айтқыза отырып, оқу іс-әрекетін аяқтау.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»

демекші, бірліктің арқасында

шалқанды жұлып алды.

Жақсы бала еңбекшіл

Ер азамат болады,

Қиындықты жеңсе кім,

Құшағы гүлге толады.

Еңбекшіл осындай

Болайықшы, досым-ай.

Рөлге бөлініп сахналайды.

Мұқият тыңдайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасауды.

Меңгереді: сахналау арқылы ертегіні көрсете білуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «бала тілін дамыту»

30.Тақырыбы: «Алтын дән» (өлең)

Мақсаты: еңбекке қызығушылықты қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: алтын дән.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Жылулық шеңбері.

Тәрбиешімен бірге шеңбер бойына тұрып, төмендегі өлең жолдарын орындайды.

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық,

Таза ауадан салайық,

Достың мейірін салайық,

Жүрек жылуын салайық,

Осы жақсы лебіздерді

Бір-бірімізге сыйлайық.

Балалар шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасап, өлең жолдарын қайталайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.- Ал енді, балалар, бәріміз орнымызға жайғасып отырайық. Бүгін біз ақын Күләш Ахметованың «Алтын дән» өлеңін мәнерлеп оңып, оның мазмұнын ашатын бірнеше сұрақтарға жауап беруге тырысайық.

Өлеңді мәнерлеп оқу.

Алтын дән

Жатыр дала жалтылдап,

Жаз шуағын мол құйды.

Күн астында алтын дән

Тербеледі, толқиды.

Толықсыған тасқындай

Көкжиекпен ұштасып,

Күн астында аң бидай

Билейді қол ұстасып.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Осы оқыған өлең шумағында не жайлы айтылған?

- Өлеңнің авторы кім?

- Сендерге өлең ұнады ма?

- «Алтын дән» дегенді қалай түсінесіңдер?

Сергіту сәті

Кел, балақан, балақан,
Шапалақта алақан:
жай - жай - жай.
Қозғап барлық денені,
Қаттырақ соқ қолды енді:
сарт - сарт -сарт.
Айтқан кезде өлеңді,
Ақырын бас еденді:
жай - жай - жай.
Өлеңді қайталап, мәнерлеп оқу, жаттап алу.
Орындарына жайғасып отырады.
Мұқият тыңдайды.
Жауап береді.
Өлең шумағына байланысты дауыс ырғағын келтіріп, қимыл жасайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

Қазақтың нақыл сөздері арқылы оқу іс-әрекетін аяқтау.

Ас атасы – нан.

Нан болса – ән де болады

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңнің мазмұнын.

Игереді: алтын дәннің нәтижесі - нан, оны қадірлеу керек екенін.

Меңгереді: нанның үлкен еңбекпен келетінін.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

31.Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» (латыш ертегісі)

Мақсаты: «Арыстан мен тышқан» ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні оқып беру, тіл байлықтарын молайту, қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Арыстан мен тышқанның айырмашылығын айту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, атрибуттар, үлгілер, арыстан мен тышқан кейіпкерлерінің бейнесі.

Сөздік жұмыс: арыстан, тышқан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттың шеңбері.

Балаларды ертеңгісін көңіл күйлерін көтеретін, ұйқыдан оятатын, бойларын сергітетін өте көңілді әнмен шаттық шеңбері жасалады.

Көк Тудың желбірегені

Жаныма қуат береді.

Таласқа түссе жан мен Ту,

Жан емес, маған керегі -

Көк Тудың желбірегені.

Балалар қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Бүгінгі іс-әрекетімізде «Арыстан мен тышқан» атты латыш ертегісімен танысамыз.

Ертегі өте қызықты екен.

Жалпы мазмұнын айта кету. Ертегіні оқып беру.

Сұрақ-жауап.

- Балалар, сендерге ертегі ұнады ма?

- Арыстан қайда жүреді?

- Арыстан мен тышқанның айырмашылығы неде?

- Арыстан мен тышқан туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Балалар жауап береді.

Саваннада

Арыстан - үлкен, тышқан — кішкентай

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау.

Балаларға әртүрлі қимылдар жасату:

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп,

Беті-қолын жуады.Диалогты сөздермен балаларға әңгімені рөлдер арқылы ойнату.

Қимылдар жасайды.

Рөлге бөлініп ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: ертегіні тыңдауға деген қызығушылығын арттыруды.

Меңгереді: рөлге бөлініп ойнауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

32.Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме)

Мақсаты: адам жүріс-тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, өзге адамға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: әртүрлі суреттер, мақал-мәтелдер кітабы.

Сөздік жұмыс: қарлығаш, балапан.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері:

Дала гүлге оранады,

Түрлі түске боянады,

Нұрлы көктем келген кезде

Табиғат та оянады.

Шеңбер бойына тұрып, орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, бүгінгі оқу іс-әрекетінде Д.Данабековтың «Қайырымдылық» әңгімесін оқып, мазмұнын толық ашып әңгімелейміз.

Әңгімені оқып беру.

Сергіту сәті

Ұзын мұртты құмырсқа

Келе жатты жұмысқа.

Алды допты қолына,

Қойды допты жолына,

Оңға қарады, солға қарады,

Үлкен тау деп ойлады.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Әңгіме не жайлы?

- Әуеде не ұшып жүрді?

- Сәулет жерден нені көрді?

- Ол балалардың орнында сендер болсаңдар, не істер едіңдер?

Мұқият тыңдайды.

Қимылдар жасайды.

Қарлығаш

Қарлығаштың

балапанын

Балалардың жауабы

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау.

Сурет бойынша оқу

іс-әрекетін аяқтау.

Сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шығарманың мазмұнын.

Игереді: шығарманың мазмұнына байланысты қамқорлық, мейірімділік қасиеттерін. **Меңгереді:** жақсы қасиеттерді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

33.Тақырыбы: «Айлакер түлкі» (орыс халық ертегісі)

Мақсаты: балаларды халық ауыз әдебиетінің шығармаларындағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік қарым-қатынас әлемімен таныстыру. Шығарма мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге (түлкі - қу) сипаттама бере білуге үйрету. Көркем сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, түлкінің суреті, ұнтаспа.

Сөздік жұмыс: түлкі, айлакер, қу.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Психологиялық сәт.

Балалар шеңбер бойына тұрып,

Өтебай Тұрманжановтың

«Кел,балалар, күлейік» өлеңін ұнтаспаға қосылып, тәрбиешімен бірге орындайды.

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Қабақ түйген не керек,

Көңілді боп жүрейік.

Кел, балалар, күлейік,

Күлкіменен түлейік.

Күлкі - көңіл айнасы,

Күліп өмір сүрейік.

Балалар шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарын қимылдар арқылы орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Сұрақ-жауап.

- Балалар, түлкі туралы қандай ертегі білесіңдер?

- Түлкі қандай аң?

- Олай болса, біз бүгін түлкі туралы ертегімен танысамыз. «Айлакер түлкі» орыс халық ертегісін оңу, әңгімелеу, мазмұнын ашу.

Сергіту сәті

Ал, балалар, тұрайық,

Мойнымызды бұрайық,

Қолымызды бұрайық.

Жел сияқты қалықтап

Оңға, солға иіліп,

Денемізді бұрайық.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Сендерге ертегі ұнады ма?

- Ертегіде не жайлы айтылған?

- Түлкінің жасаған қылығы қандай?

- Түлкі Жолбарысты қалай алдады?

Жабайы, қу, т.б.

Қимылдар жасайды.

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Рефлексиялық - түзетушілік

Жұмбақ жасыру арқылы

іс-әрекетті аяқтау.

Өзі қу,

Жүрген жері шу.

Түлкі

Күтілетін нәтиже:

Біледі: түлкінің жабайы, қу, айлакер аң екенін.

Игереді: көркем сөйлеу **қабілеттерін.**

Меңгереді: ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалай білуді.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

34.Тақырыбы: «Маша мен аю» ертегісі

Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмысы: аю, орман.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңбері.

- Балалар, бөріміз төмендегі өлең жолдарын бірге қайталайық:

Арым таза, ақ көңіл,
Адамдыққа сенемін.
Абыройлы, ақ ниет,
Адалдыққа сенемін.

Шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Бүгінгі іс-әрекетімізде «Маша мен аю» ертегісін оқимыз.
Ертегіні оқып беру.

Сергіту сәті

Қорбандаған аюдың
Құлпынайы көп екен,
Теріп, теріп алайың,
Қалтамызға салайық.

Сұрақ-жауап арқылы әңгімелеу.

- Атасы мен апасы Машаға не деді?
- Олар қайда барды?
- Маша кімнің үйіне кіріп кетті?
- Маша аюға не деді?
- Маша атасы мен әжесіне не пісірді?
- Бәлішті ата-әжесіне қалай жеткізді?

Қимылдар жасайды.

Балалардың жауабы.

Аюдың

Бәліш

Жәшікке кіріп, өзі жеткізді

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

- Бүгінгі іс-әрекетімізде қандай ертегі оқыдың?
- Ертегі сендерге ұнады ма?

Балалардың жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұнын.

Игереді: жақсы, жаман қасиеттерді.

Меңгереді: кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

35.Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісі

Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін естеріне түсіру, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре айтуға жаттықтыру, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: хрестоматия, суреттер.

Сөздік жұмыс: тоғай, қасқыр, лақ.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар шеңбер бойына тұрып,
педагогпен бірге төмендегі өлең жолдарын қайталайды.

Арым таза, ақ көңіл,

Адамдыққа сенемін.

Абыройлы, ақ ниет,

Адалдыққа сенемін.

Шеңбер бойына тұрып орындайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

Кіріспе әңгіме.

- Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер?

- Ертегі оқыған сендерге ұнай ма?

Ертегіні оқып беру, сурет арқылы мазмұнын ашу.

- Ешкі мен лақтар қайда тұрады?

- Ешкі тоғайға не үшін барады?

- Ешкі тоғайға кеткенде кім келді?

- Лақтар қасқырға есікті неге ашпады?

Балалардың жауабы.

Мұқият тыңдайды.

Балалардың жауабы.

Рефлексиялық - түзетушілік

Ертегіні екі топқа

бөлініп сахналауды ұйымдастыру.

Ертегіні сахналайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: ертегінің мазмұны мен жан-жануарлардың атауларын.

Игереді: мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін.

Меңгереді: шығарманы зейін қойып тыңдауды.

Күні _____

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Бөлімі: «Бала тілін дамыту»

36.Тақырыбы: «Суретші қыс» (өлең)

Мақсаты: өлеңді көрнекі құралдар көмегімен жатқа айтуға, оны дауыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету. Балаларды шығарма мазмұнын өз іс-тәжірибесімен салыстыра отырып, өзінің күнделікті өмірімен және қоршаған ортамен байланыстыра білуіне үйрету.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, хрестоматия.

Сөздік жұмыс: суретші, ақ мамық.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері
Тәрбиешінің іс-әрекеті
Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық

Ұйымдастыру кезеңі.

Шанамен зырғып желетін,

Шаңғы, коньки тебетін,

Аққала жасап ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Шаттың шеңбері:

Сырғанақ

Жасап қардан үйілген

Дөңге шығып бүгін мен,

Маңайыма бір қарап,

Кеттім төмен сырғанап.

Жерге тимей табаны

Шанам зулап барады,

Қорыққам жоқ сонда да,

Сужүрек деп ойлама.

(К.Баянбаев)

Қыс

Өлең мазмұнына қарай қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық – ізденістік

- Балалар, бұл өлең шумағында не туралы айтылған?

- Қыс несімен қызықты?

- Қандай ойындар ойнаймыз?

- Олай болса, бүгінгі оқу іс-әрекетінде К.Нүсіповтың

«Суретші қыс» өлеңін жаттаймыз.

«Суретші қыс» өлеңін мәнерлеп оқып беру.

Өлеңнің мазмұнын ашу.

«Қар жинау» қозғалысты ойыны.

Өлеңді жаттау.

Сұрақтарға жауап береді.

Ойын ойнайды. Өлеңді жаттайды.

Рефлексиялық - түзетушілік

Қорытындылау:

- Балалар, біздің жаттаған өлең шумағымызда не туралы айтылған?

3-4 баладан тақпақты жатқа сұрау.

Балалардың

жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өлеңді жатқа айтуды.

Игереді: ойын арқылы қыс мезгілінің ерекшелігін.

Меңгереді: өлең мазмұнын түсіне отырып, қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстарын.